

**Ресми рецензент, филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары К.Б. Кудеринованың «8D02310– Филология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Айткулова Гульмира Арипкановнаның «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептілері» тақырыбында диссертациялық жұмысына жазбаша пікірі**

p/c №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертант Г.А. Айткулованың «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасында (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазанындағы №726 Қаулысы), қойылған міндет «Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру» атты міндетіне толықтай сәйкес келеді.</p> <p>Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған келесі ғылым дамуының басым бағытына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Білім беру мен ғылым саласындағы зерттеулер»</li> <li>- Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер;</li> </ul>



			Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі трендтеріне сәйкес әзірленген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <b>ашылған</b> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, маңыздылығы зор. Зерттеу жұмысының нәтижелері еңбекқорлық//жалқаулық концептісінің когнитивті лингвистика контексінде зерттелуі барысында «Поэтикалық мәтіндердің концептуалдық құрылымы» атты лекция курстары мен когнитивті лингвистика, танымдық семантика бағытында оқу құралы ретінде пайдалануға болады. Ізденушінің когнитивтік лингвистика, концепт, концептілік өріс, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдарына ғылыми тұрғыда тоқталып, қазіргі таңдағы концептуалдық білім аясында зерттеліп жүрген ғалымдар пікірлерін саралай отырып, келтірілген өзіндік тұжырымдары лингвомәдениеттану саласында қолдануға болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары</b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары. Жұмысты ізденушінің өзі жазғандығы өзіндік баяндау стилінен анық байқалып тұр. Жұмыс мазмұны ғылыми стилмен баяндалады. Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы зерттеуді жүргізудің заманауи құралдары мен әдістерін пайдалану жолымен қамтамасыз етілген. Қойылған міндеттерді автор өз бетінше шешкен, онда ол мақсатқа жету үшін мәселелерді шешу қабілеттілігін көрсете білген. Қорытынды шынайы және



			<p>нақты тұжырымдалған. Диссертацияда келтірілген тұжырымдар мен қорытындылардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі күмән тудырмайды, себебі жұмыс барысында ізденуші тарапынан көптеген лингвистикалық, концептуалдық әдістерді қолдана отырып ғылыми тұжырымдар айтылған. Зерттеу мақсаты мен осы тараушаларға сәйкес міндеттер де дұрыс қойылған. Зерттеудің нәтижелері бірінен бірі туындап, сабақтаса тұжырымдалған. «Еңбекқорлық\ жалқаулық» концептердің стереотиптік көріністерін биоморфты мәдени код шеңберінде зерттеген. Биоморфты лингвосемиотикалық қатарларды төртке бөліп қарастырған. Оның біріншісі өсімдік. Жер анамен байланысты код. Бұл да зерттеудің жаңалығын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген;</b></li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жан-жақты негізделген. Ішкі бірлігі заңды түрде сақталған. Ұлтымыздың әр дәуірдегі ой-толғамдары мен тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрінен, жүріп өткен тарихынан хабар беретін <i>еңбекқорлық\жалқаулық</i> концептілерін танымдық тұрғыда зерттеу арқылы қазақ халқына тән ұлттық нақыштар мен мәдениетіміздің сан қатпарлы үлгілерінен хабар алатындықтан зерттеу жұмысымыздың маңызы арта түседі. Диссертациялық зерттеуде <i>еңбекқорлық// жалқаулық</i> концептердің когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, паремиологияда, фразеология) лингвомәденитанымындағы вербалдану ерекшеліктері зерттелді. Осылайша, осы жұмыстың өзектілігі қажеттілікпен анықталады: тілдің адам әлемімен байланысы мәселесін одан әрі дамыту, концептілерді вербализациялау тетіктерін зерттеуді көздейтін концептосфераның әрбір құрамдас</p>



			<p>бөлігінде <i>еңбекқорлық\жалқаулық</i> ұғымдары маңызды болып табылады. Сонымен қатар, лингвомәдениеттану терминологиялық аппаратының ашылуы, мәдени білімді концептуализациялау және санаттау ерекшеліктерін түсіну; концептіні зерттеудің принциптерін, әдістері мен әдістерін құру қажеттілігі қазақ тілі материалындағы мәдениет, кешенді қазақ құндылықтарын көрсетуге мүмкіндік беретін <i>еңбекқорлық\жалқаулық</i> концептердің сипаттамасы лингвомәдени қоғамдастық үшін өзекті болып табылады. Зерттеуде алғаш рет аталған концептілер ауыз әдебиетінен, ертегідерден ізделеді. «Қотыр торғай» «Аяз би», «Тазша бала», «Ұр тоқпақ», «Атымтай Жомарт» т.б ертегілеріндегі осы құндылықтарды арнайы қарастырған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды  1) <b><u>айқындайды;</u></b>  2) жартылай айқындайды;  3) айқындамайды</p>	<p>Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толықтай айқындайды. Диссертация құрылымы анықтамалардан, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертация мазмұны құрылымдық жағынан біртұтас болып табылады. Әр тараудың соңында жасалған түйіндер мен қорытындыда басты тұжырымдар, зерттеу нәтижелері көрініс табады. Оларда реттілік, жүйелілік бар. Қазақ халқының тұрмысында мінез-құлық сценарийлері мен стереотиптері еңбектің үлкен физикалық күш-жігерді қажет ететін, материалдық тұрғыдан марапатталуы керекті, нәтижесі болуы керекті құндылық ретінде бағаланғанына көз жеткізеді.</p>



		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>сәйкес келеді;</b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ізденушінің диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылығы зерттеуді жүргізудің заманауи құралдары мен әдістерін пайдалану жолымен қамтамасыз етілген. Ізденуші диссертация тарауларында еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің когнитивті дискурстағы этномәдени санаға ие тілдік оралымдарының мәдени-ұлттық семантикасын айқындаған. Үш тараудағы қойылған мақсатқа жетудегі белгілі міндеттерге қол жеткізілген. Қазақ тіліндегі «<b>еңбекқорлық\ жалқаулық</b>» <b>концептілерінің</b> лингвомәдени мазмұнын талдамас бұрын отандық және шетелдік ғалымдардың концепті жөніндегі еңбектері мен көзқарастарына тоқталып өткен. Осыдан соң тіліміздегі <i>еңбекқорлық</i> концепті когнитивті дискурстағы (проза, поэзия, тұрақты тіркестер, паремиологиялық бірліктер, бата-тілек) әлемнің тілдік бейнесін танытатын тілдік бірліктерді танымдық тұрғыда талдап шыққан. Диссертацияға қойылған міндеттер толықтай орындалған, зерттеудің құрылымын түзетін үш бөлімнің мазмұнына сәйкес жинақталып көрсетілген.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>толықтай өзара байланысқан;</b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар бір-бірімен логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Зерттеу жұмысының құрылымында жүйелік, өзара байланыстылық бар. Диссертация құрылымынан зерттеушінің қарастырылып отырған тақырыпты жан-жақты сипаттайтын негізгі мәселелерді</p>



			қамтығандығы, ғылыми ізденістің жүйелілігі, диссертация бөліктерінің ішкі сабақтастығы анық көрінеді.
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <b>сыни талдау бар;</b></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Диссертант ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырыла талданып, зерттеушінің өз тарапынан қосқандары ажыратылып көрсетіледі. Зерттеуші тарапынан өзіндік тұжырымдары, тың пайымдаулары, сыни талдаулары бар. Атап айтқанда,</p> <p>1. Адам өмірінде маңызды қызмет атқаратын еңбек және еңбегі жоқтық әрекеттерін сипаттайтын еңбекқорлық//жалқаулық концептілеріне алғаш рет концептуалдық талдау жасалынған;</p> <p>2. Еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің танымдық қызметін анықтайтын «қол», бақыт, байлық, жұмыс, адал, кедей, бойкүйез, талапсыз, қу, жатыпішер, еріншек базалық концептілер когнитивті тұрғыда зерттеліп, зерттеу тақырыбымызға қатысты өзіндік белгілері анықталған;</p> <p>3. Еңбекқорлық//жалқаулық концептілерінің когнитивті дискурстағы (мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, проза, поэзия) танымдық негіздері айқындалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында төмендегідей жаңа нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>1. <i>Еңбекқорлық</i>// <i>жалқаулық</i> концептердің сипаттайтын тіл бірліктері ұлттың дамуы, қалыптасуы, сонымен қатар, оның өзіндік мәдениетінің, тарихының, халықтың менталитетінің қалыптасуымен туындаған,</p>



			<p>халықпен бірге қалыптасқан тілдік бірліктер Қ. Қазиев шығармаларын талдау негізінде дәлелденді<sup>7</sup></p> <p>2. <i>Еңбекқорлық // жалқаулық</i> концептердің бейнелі түсінікпен вербалдануының когнитивті ерекшеліктері күнделікті дағды туралы менталдық түсінік, сөз тіркестері, фразеологизмдер, метафора, теңеу сияқты түрлі тілдік формалардың танымдық сипатын ашуға Абай, Шәкәрім шығармаларын талдау мүмкіндік береді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, қойылған міндеттердің шешілуін, сәйкесінше зерттеу мақсаттарын толық көрсетеді. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған тілдік талдауларға негізделеді. Зерттеу барысында айқындалған негізгі тұжырымдар:</p> <p>Тілдік семантика мен функционалдық ерекшеліктердің гетерогенділігі еңбекқорлық\\ жалқаулық концептерін білдіретін қазақ тілінің бірліктерінің құрылымы, бір жағынан, лингвомәдени бірлестікті саралау арқылы, екінші жағынан, лингвистикалық семантиканың диктумдық және модульдік түрлері объективті еңбек пен жалқаулық туралы білімді тұжырымдау және санаттау нәтижелері арқылы талданды;</p> <p>3. Тілдің ішкі формаларын лингвомәдени тұрғыдан түсіндіру лингвосемиотикалық қатарларды стереотиптік идеялар арқылы бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Еңбек пен еңбегі жоқтық әрекеттерін антропоморфты, биоморфты, заттық, үш маңызды мәдени кодтар арқылы мәдени коннотациялар мен тілдік мағыналардың типологиясы жасалды;</p> <p>4. Қазақ тіліндегі <i>еңбекқорлық\\жалқаулық</i></p>



			концептердің лингвокогнитивтік болмысын ашуда қызмет ететін тілдік семалар халықтың ұжымдық тәжірибесі, танымы, қоғамдағы адамдардың бір бірімен байланысы, шаруашылығы, халықтың рухани мәдениеті ментальды когнитивті түрде таңбаланғандығы дәлелденді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жұмыста ұсынылған барлық шешімдер жаңа, олар зерттеудің үш тарауында теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы толығымен жаңадан негізделген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда айтылған пікірлер дереккөздерден алынған нақты мысалдармен дәйектелген. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелермен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b>дәлелденді;</b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма?	Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерге сүйене отырып, диссертант Г.А. Айткулова сегіз қағидат ұсынады. Ұсынылған қағидаттарға тоқталсақ: 7.1 Ғылыми жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағидаттар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидаттардың қолдану деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидаттар 9 мақалада дәлелденген.



		<p>1) ия;  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.  7.3 Жаңа ма?  1) ия;  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) кең;  4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) ия;  2) жоқ;  3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Соның ішінде, 1 мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, 4 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференция материалдар жинағында жарық көрген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған  1) ия;  2) жоқ</p>	<p>Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс, концептуалдық әдіс, концептуалды метафоралық әдіспен қатар жаппай жинақтау, топтау, сұрыптау тәсілдері қолданылған. Аталған лингвокогнитивтік зерттеуде өзіміз жасап жатқан тәсілді шартты түрде семантикалық-когнитивтік деп белгілей отырып, осы атаумен</p>



			<p>зерттеудің негізгі бағыты – тілдің семантикасы мен концептосферасының байланысын зерттеуді атап өткен. Зерттеуімізде концептуалды әдісті пайдаланған. Ұлттық менталитеттің негізгі кодына айналған қазақ лингвомәденитанымындағы «еңбекқорлық\ жалқаулық» ұғымына қатысты тілдік бірліктерінің семантикалық мағынасын айқындау үшін концептуалдық әдіс, концептуалды метафоралық әдістер пайдаланылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Диссертацияның рәсімделу деңгейі де жоғары.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары нақты мысалдармен талдауға негізделген, тілдік материалдармен дәлелденген. Жұмыстың терминологияның теориялық негізін нығайтуға септігі тиіуімен қатар практикалық құндылығы жоғары екенін айтқан жөн.</p>



		Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысында көрсетілген маңызды мәлімдемелер сенімді және нақты. Ғылыми әдебиеттер сілтемелермен расталған. Пайдаланылған әдебиеттер шетелдік және отандық зерттеушілердің монография, мақала, диссертациялық зерттеулері болып табылады.
		Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кеңінен қамтыған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі жеткілікті
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия</b> ; 2) жок	Ия. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу жұмысының нәтижелері лингвомәдениеттану, танымдық семантика, лексикография салаларындағы бұған дейін бар зерттеулерге теориялық тұжырымдарды толықтырады және дамытады әрі өзіндік үлес қосады
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия</b> ; 2) жок	Ия. Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Жұмыстың қорытындылары мен тұжырымдары, талдауға түскен тілдік материалдарды лингвомәдениеттану, танымдық семантика, семасиология, лексикография салаларын дамытуға септігін тигізеді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа</b> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады, себебі еңбекқорлық\жалқаулық концептілері лингвомәдени тұрғыда осы күнге дейін зерттелмеген.



		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Докторлық диссертация ғылыми стильде жоғары, сауатты жазылған, техникалық жағынан дұрыс рәсімделген және мемлекеттік стандарттар қойған талаптарға сай келеді.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда бірді-екілі орфографиялық қателер кездеседі. Әдебиеттерді рәсімдегенде техникалық қателер де бар.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының жалпы саны – тоғыз. Олардың ішінде «The Concept of “Diligence/Laziness” in the Linguistic Image of the World» тақырыбындағы мақаласының Scopus ғылыми деректер базасына кіретін квартилі жоғары (Q1, процентиль 88%,) International Journal of Society, Culture & Language журналына жариялануы оның ғылыми деңгейінің жоғарылығын айғақтайды. «Ұлттық паремиологиядағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептінің тілдік ерекшеліктері» (Ясауи университетінің хабаршысы №2 2023 ж.), «Поэтикалық мәтіндердегі «еңбекқорлық// жалқаулық» концептердің вербалдану ерекшелігі» (ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы, №3, 2023 ж.), «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі паремиялардың лингвомәдени ерекшеліктері» (ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы, №1, 2024 ж.) «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық» концепті» концептінің тілдік ерекшеліктері» (Ясауи университетінің хабаршысы №2, 2024) мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тараулармен сәйкеседі, олардың да ғылыми деңгейі жоғары. Ғылыми практикалық конференцияларда жарық көрген басқа да



		мақалалары ғылыми еңбектерде жарық көрген жарияланымдар зерттеудегі міндеттерді шешуге көзделген тарауларына сәйкес келеді.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	<p><b>Айткулова Гульмира Арипкановнаның «8D02310– Филология</b> білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Қазақ лингвомәдени танымындағы «еңбекқорлық\жалқаулық» концептілері» тақырыбында дайындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына сәйкес орындалған.</p> <p>Жоғарыда айтылғандарды саралай келе, <b>Айткулова Гульмира Арипкановна «8D02310– Филология»</b> білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>

Ресми рецензент:

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, ф.ғ.д., профессор



Кудеринова К.Б.

